

**"Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі N 423 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы N 451 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі N 423 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі N 423 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет дипломын тағайындау жөніндегі жұмысты одан әрі жетілдіру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет дипломын тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі N 423 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., N 30, 367-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру е н г і з і л с і н :

1 - т а р м а қ т а :

"жыл сайынғы" деген сөздер алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Президентінің" деген сөздерден кейін»"екі жылда бір рет берілетін" деген сөздермен толықтырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Дипломдарды әзірлеуге байланысты шығыстарды қаржыландыруды оларды тағайындайтын жылы республикалық бюджетте көздесін;"

4) тармақшадағы»"жыл сайын" деген сөздер»"екі жылда бір рет" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі өз актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

3. Осы Жарлық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК